

**Қазақстан Республикасының "жасыл экономикаға" көшуі жөніндегі тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі 2013 - 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 шілдедегі № 750 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының "жасыл экономикаға" көшуі жөніндегі тұжырымдама туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 577 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының "жасыл экономикаға" көшуі жөніндегі тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі 2013 – 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – жоспар) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ жоспардың орындалуына жауапты мүдделі ұйымдар:

1) жоспарды іске асыру жөніндегі шараларды қабылдасын;

2) жылдың қорытындысы бойынша 1 ақпаннан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігіне жоспардың іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.09.2014 № 969 қаулысымен.**

3. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі жылдың қорытындысы бойынша 20 ақпаннан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне жоспардың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат берсін.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.09.2014 № 969 қаулысымен.**

4. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі жылдың қорытындысы бойынша 20 наурыздан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жоспардың орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат берсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2013 жылғы 31 шілдедегі  
№ 750 қаулысымен  
бекітілген

# Қазақстан Республикасының "жасыл экономикаға" көшуі жөніндегі тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі 2013 – 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары

Ескерту. Іс-шаралар жоспарына өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.09.2014 № 969; 23.04.2015 № 273; 15.09.2015 № 780; 03.07.2017 № 413 қаулыларымен.

Р/с №	Іс-шараның атауы	Аяқтау нысаны	Орындауға жауаптылар	Орындау мерзімі	Қажетті қаржыландыру көлемі (млн. теңге)*
1	2	3	4	5	6

1. Нормативтік-құқықтық, институционалдық және кадрлық қамтамасыз ету					
"Жасыл экономиканың" нормативтік-құқықтық базасы (оның ішінде, мемлекеттік және салалық бағдарламалар)					
1	"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының "жасыл экономикаға" көшуі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасын Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне	ЭБЖМ (жинақтау), Қоршағанортaмині, ИЖТМ, АШМ, Қаржымині, Әділетмині	2014 жылғы наурыз	талап етілмейді
1	"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне парниктік газдарды және озонды бұзатын заттарды реттеу саласындағы экологиялық мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңы жобасының тұжырымдамасын әзірлеу	Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ВАК хаттамасы	ЭМ, Әділетмині, ҰЭМ Қаржымині	2017 жылғы қыркүйек	талап етілмейді
2	Мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары мен аумақтарды дамыту бағдарламаларын Қазақстан Республикасының "жасыл экономикаға" көшуі жөніндегі тұжырымдаманың ережелеріне сәйкес келтіру	ЭМ-ге ақпарат	ҰЭМ (жинақтау), ЭМ, АШМ, ИДМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	тұрақты	талап етілмейді
3	Салалық бағдарламаларды Қазақстан Республикасының "жасыл экономикаға" көшуі жөніндегі тұжырымдама ережелеріне сәйкес келтіру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЭБЖМ (жинақтау), МГМ, ИЖТМ, АШМ, Қоршағанортaмині	2014 жылғы сәуір	талап етілмейді
4	Аумақтарды дамытудың өңірлік бағдарламаларына Қазақстан Республикасының "жасыл экономикаға" көшуі жөніндегі тұжырымдама ережелеріне сәйкес "жасыл экономикаға" көшу жөніндегі іс-шараларды енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Қоршағанортaмині (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2013 жылғы желтоқсан	талап етілмейді

Институционалдық қамтамасыз ету					
5	Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан "Жасыл экономикаға" көшу жөніндегі кеңесті құру бойынша ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныстар	Қоршаған орта министрінің (жинақтау), ЭБЖМ	2013 жылғы тамыз	талап етілмейді
5-1	"Жасыл экономикаға" көшу жөніндегі ұлттық баяндаманы әзірлеу	Ұлттық баяндама	ЭМ (жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар	3 жылда 1 рет	талап етілмейді
6	Энергия аудиттері нәтижелерін, ірі кәсіпорындар шығарындыларының деңгейі мен құрамын, су ресурстары жай-күйінің көрсеткіштерін, ауыл шаруашылығының өнімділігін, ҚТҚ және өнеркәсіп қалдықтары қоқыстарының жай-күйін және басқаларын қоса алғанда, "Жасыл экономиканың" барлық индикаторлары бойынша жалпы мемлекеттік және ведомстволық статистикалық ақпаратты, сондай-ақ әкімшілік деректерді жедел жинауды және оның ашықтығын жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу	СА бұйрығы	СА (жинақтау), Қоршаған орта министрінің	2014 жылғы 3-тоқсан	талап етілмейді
7	Статистикалық жұмыстар жоспары шеңберінде Қазақстан Республикасының "Жасыл экономикаға" көшуі жөніндегі тұжырымдаманы іске асыруды бағалау және бақылау үшін қажетті статистикалық деректерді жинауды тұрақты негізде қамтамасыз ету	ЭМ-ге ақпарат	ҰЭМ СК	үнемі	талап етілмейді
8	Экономикалық даму деңгейін, экологиялық жағдайды, халықтың денсаулығын, таза сумен қамтамасыз етуді және басқаларын қамтитын өңірлер үшін халықтың өмір сүру деңгейінің кешенді "жасыл" көрсеткішін әзірлеу	кешенді "жасыл" көрсеткіштің моделі	ЭМ (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2017 жылғы желтоқсан	БҰҰДБ
9	Алып тасталды – ҚР Үкіметінің 03.07.2017 № 413 қаулысымен				

"Жасыл экономикаға" көшуді кадрлық қамтамасыз ету					
10	"Жасыл экономика" үшін кадрларды дайындау бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын бөлу	БҒМ бұйрығы	БҒМ	жыл сайын маусым	020 "Жоғары білімді мамандарды дайындау және білім алушыларға әлеуметтік көмек көрсету" бағдарламасы бойынша мемлекеттік

					тапсырыс шеңберінде
11	2020 жылға дейін өңірлер мен мамандықтар бөлінісінде өнеркәсіптік кластерлерде еңбек ресурстарына қажеттілікті бес өндірістік кластерде айқындау	ДСӘДМ-ге ақпарат	ЭМ (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2013 - 2020 жылдар	талап етілмейді
12	"Электр энергетикасы", "Жылу энергетикасы", "Ауыл шаруашылығын электрмен қамтамасыз ету" мамандықтарының білім беру бағдарламаларына қоршаған ортаны қорғау және ресурстардың өнімділігі мәселелері бойынша элективті курстарды қосу мәселесін пысықтау	Қоршағанортаминіне ұсыныстар	БҒМ	2014 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
13	"Жасыл экономикаға" көшу шеңберінде ЖОО-ларда "Экология және орнықты даму" пәнінің мазмұнын жетілдіру мәселесін пысықтау	Қоршағанортаминіне ақпарат	БҒМ	2013 жылғы қазан	талап етілмейді
14	Жергілікті атқарушы органдардың мамандары үшін "жасыл экономика" бойынша оқыту семинарларын ұйымдастыру бойынша ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	БҒМ	2013 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
15	Шетелдік мамандарды шақыра отырып, "жасыл экономика" мәселелері бойынша ғылыми конференциялар мен семинарлар, "дөңгелек үстелдер" ұйымдастыру бойынша ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	БҒМ (жинақтау), Қоршағанортамині, МҚІА (келісім бойынша)	2013 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
16	Мемлекеттік қызметшілер үшін "жасыл экономикаға" мәселелері бойынша біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар енгізу	ЭМ-ге ақпарат	МҚІСҚА	жыл сайын	талап етілмейді
17	"Жасыл экономика" салалары бойынша ғылыми жобаларға одан әрі коммерцияландыру үшін неғұрлым тиімді жобаларды айқындаумен мониторинг жүргізу	ЭМ-ге ақпарат	БҒМ	тұрақты	талап етілмейді
18	Алып тасталды – ҚР Үкіметінің 03.07.2017 № 413 қаулысымен				

Ақпараттық қолдау

Қазақстан Республикасының "жасыл экономикаға" көшуі жөніндегі тұжырымдаманы іске асыруды бағалау және бақылау, сондай-ақ Қазақстан				
--	--	--	--	--

19	Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының "жасыл экономикаға" көшуі жөніндегі тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі 2013 - 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруға байланысты экономикадағы өзгерістерді болжау үшін экономикалық модельді әзірлеу бойынша ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ЭБЖМ (жинақтау), Қоршағанортaмині	2013 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
20	<b>Алып тасталды – ҚР Үкіметінің 03.07.2017 № 413 қаулысымен</b>				
21	Қазақстан Республикасының "жасыл экономикаға" көшуі жөніндегі тұжырымдаманы іске асыру барысын ақпараттық қамтамасыз ету	бірыңғай республикалық медиа-жоспар	АКМ (жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	тұрақты	талап етілмейді
21-1	"Жасыл көпір" әріптестік бағдарламасын және Қазақстан Республикасының "жасыл экономикаға" көшуі жөніндегі тұжырымдаманы ақпараттық қолдау үшін "Жасыл көпір" интернет-ресурсын дамыту және сүйемелдеу	атқарылған жұмыстар актісі	ЭМ	тұрақты	РБ

## 2. Су ресурстарын орнықты пайдалану шаралары

### Суды пайдаланудың тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар

22	<p>Мыналарды:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- пайдаланылатын ауыл шаруашылығы дақылдарын суғару тиімділігін арттыруға, су сыйымдылығын төмендетуге, суару арналарындағы ысырапты азайтуға бағытталған шараларды;</li> <li>- өнеркәсіпте суды пайдалану тиімділігін арттыру бойынша шараларды;</li> <li>- сумен жабдықтау және суды бұрудың муниципалды кәсіпорындарының суды пайдалану тиімділігін арттыру бойынша шараларды;</li> <li>- 2015, 2020, 2025 жылдарға және қорытынды 2040 жылға белгіленген аралық мақсаттармен салыстыру арқылы көрсетілген секторларда суды пайдалану тиімділігін арттыру бойынша шараларды іске асыру тиімділігін үнемі қадағалау тетігін;</li> <li>- сутехникалық құрылыстарды салу мен жаңғыртуға арналған операциялық шығындарды және күрделі</li> </ul>	Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы	Қоршағанортaмині (жинақтау), ӨДМ, АШМ, ТМРА, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2013 жылғы қазан	талап етілмейді
----	--	---	---	------------------	-----------------

	шығыстарды толық өтеуге, сондай-ақ суды пайдалану тиімділігін арттыруға бағытталған ынталандыру шаралары бойынша ұсыныстар әзірледі; - сумен жабдықтауды жақсартуға (мысалы, дамбалар салу, оның ішінде мемлекеттік – жеке меншік әріптестік негізінде) бағытталған неғұрлым қолайлы инфрақұрылымдық жобаларды инвестициялық бағалауды, басымдық беруді және олардың қысқа тізімін құруды қамтитын суды пайдаланудың тиімділігін арттыруға бағытталған 2014 - 2040 жылдарға арналған Су ресурстарын басқарудың мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу	Президентінің Әкімшілігіне			
23	Табиғи монополиялар субъектілерінің тұтынушыларға жеке және жалпыұйлік су тұтынуды есептеу аспаптарын орнатуды қамтамасыз ету жөнінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шаралар қабылдау	Қоршаған ортасының әкімі	ӨДМ (жинақтау), ТМРА, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2013 жылғы желтоқсан	талап етілмейді

Су ресурстарын басқаруды оңтайландыру және су құнын қайта қарау жөніндегі іс-шаралар					
24	Қолданыстағы барлық субсидияларға талдау жасау және - суды пайдаланушылардың су үнемдеу технологияларына жылдам көшуін ынталандыру мақсатында субсидияларды қайта қарауға; - су үнемдеу технологияларына көшуді ескере отырып, суды тұтынуға лимиттерді белгілеу бойынша есептеулер мен тетіктердің негізділігі мен ашықтығын қамтамасыз етуге; - коммуналдық кәсіпорындарға және өзге де пайдаланушы ұйымдарға су инфрақұрылымын салуға және жаңғыртуға арналған шығындарын өтеу бойынша мүмкіндіктер беруге; - су пайдаланудың тиімді технологияларын, оның ішінде суды реттеуді автоматтандыру, суды есептеуді ретке келтіру және гидромелиоративтік жүйелердің техникалық жай-күйін жақсартуды мемлекеттік қолдау түрлерін кеңейтуге бағытталған субсидиялаудың жақсартылған моделі бойынша ұсыныстар әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	Қоршаған ортасының (жинақтау), АШМ, ИЖТМ, ӨДМ	2014 жылғы маусым	талап етілмейді

Сумен жабдықтау саласындағы іс-шаралар					

25	Қазақстанның жерасты суларының картасын жасау бойынша ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ИЖТМ (жинақтау) , Қоршағанортамині	2013 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
26	Траншекаралық өзендерді қорғау және пайдалану саласындағы бірлескен комиссиялар мен жұмыс топтарының құқықтық негіздерін нығайту	ЭМ-ге ақпарат	ЭМ, АШМ, СИМ	тұрақты	талап етілмейді
Су ресурстары саласында қауіпсіздікті арттыру жөніндегі шаралар					
27	Алып тасталды – ҚР Үкіметінің 03.07.2017 № 413 қаулысымен				

3. Орнықты және өнімділігі жоғары ауыл шаруашылығын дамыту жөніндегі шаралар					
Ауыл шаруашылығында су ресурстарын үнемдеу жөніндегі шаралар					
28	<p>2013 - 2040 жылдарға арналған Су ресурстарын басқарудың мемлекеттік бағдарламасында (қабылданған жағдайда) мына индикаторлар мен шараларды ескеру:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- ауыл шаруашылығындағы суды пайдалану мөлшерін 8 млрд. м<sup>3</sup> дейін қысқарту және ауыл шаруашылығы өнімінің су сыйымдылығын 300 м<sup>3</sup> тоннасына дейін төмендету бойынша 2030 жылға қарай түпкілікті мақсатқа қол жеткізу үшін 2015, 2020, 2025 жылдарға арналған аралық мақсаттарды алға қою;</li> <li>- суару технологияларын жетілдіру есебінен су ресурстарын үнемдеу әлеуетін бағалау, сондай-ақ неғұрлым жетілдірілген технологияларға көшу әдістерін әзірлеу (мысалы, су ағызып суарудан немесе жаңбырлатып суландырудан тамшылатып суаруға және т.б. көшу);</li> <li>- ауыл шаруашылығы дақылдары мен суару технологияларын, сондай-ақ су тұтынудың нақты үлесті мөлшерін көрсетіп, барлық қазіргі және жоспарланған суармалы жерлердің картасын жасау;</li> <li>- су ресурстарын үнемдеу әлеуетін бағалау және күріш пен мақтаны суды аздау тұтынатын дақылдарға ауыстыру орындылығын талдау, оның ішінде баламалы ауыл шаруашылығы дақылдарын өндіруге көшу үшін инфрақұрылымға қажет инвестицияларды бағалап, оларды өсіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу</li> </ul>	Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының жобасы	Қоршағанортамині (жинақтау), АШМ, тиісті облыстардың әкімдері	2013 жылғы қазан	талап етілмейді

29	Қазақстан үшін аса тартымды қолжетімді жылыжай технологиялары және басымдық шешімдерді анықтау бойынша ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	АШМ	2013 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
30		Қазақстан Республикасының	АШМ ( жинақтау),		

	Жылыжай өндірісі нарығының нақтыланған көлемі бойынша ұсыныстар енгізу	Үкіметіне ұсыныстар	облыстардың әкімдері	2013 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
31	Жергілікті фермерлер мен халықаралық инвесторлар арасында жылыжай бизнесінің инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін ынталандыру тетіктері бойынша ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	АШМ	2013 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
32	Шалғайдағы мал шаруашылығын дамыту мақсатында жайылымдық жерлерді суландыру әлеуетін бағалау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	А Ш М ( жинақтау), облыстардың әкімдері	2013 жылғы желтоқсан	талап етілмейді

Қаржыландыру көздеріне қолжетімділікті оңтайландыру жөніндегі шаралар					
33	Ауыл шаруашылығы жобаларын ұзақ мерзімді қаржыландырудың нақты құралдары бойынша, оның ішінде орнықты ауыл шаруашылығы қағидалары мен практикасын ынталандыру және енгізу үшін қарыздар бойынша кепілдіктер, пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау немесе мемлекеттік қолдаудың өзге шаралары нысанында ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	АШМ	2013 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
34	Фермерлер мен экономиканың ауыл шаруашылығы секторына кредит берумен айналысатын жеке меншік қаржылық ұйымдар қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	АШМ	2013 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
35	Жер ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру мақсатында ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді субсидиялау тетігін қайта қарау (оның ішінде өнімділікті арттыру, жердің тозуын азайту және топырақ құнарлылығын қалпына келтіру) мысалы, жерді нөлдік өңдеуге арналған техниканы, тамшылатып суаруға арналған жабдықтар мен инфрақұрылымды пайдалану, энергия үнемдейтін көлік құралдары мен жабдықтарды қолдану, фермерлердің көлік шығындарын қысқарту үшін, тауарлы балық өсіру үшін жол инфрақұрылымын жаңарту	ЭМ-ге ақпарат	А Ш М ( жинақтау), облыстардың әкімдері	2018 жылғы желтоқсан	талап етілмейді

Шарттық негізде шаруашылық жүргізетін фермалар құру үшін инвесторлар тарту жөніндегі іс-шаралар	
36	<a href="#">Алып тасталды – ҚР Үкіметінің 03.07.2017 № 413 қаулысымен</a>

"Жасыл" ауыл шаруашылығы қағидаттарын енгізу	
37	<a href="#">Алып тасталды – ҚР Үкіметінің 03.07.2017 № 413 қаулысымен</a>
38	<a href="#">Алып тасталды – ҚР Үкіметінің 03.07.2017 № 413 қаулысымен</a>

4. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар	
---	--



Тұрғын және коммерциялық ғимараттарда энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар

Тарифтер белгілеу және қаржылай қолдау көрсету арқылы ынталандыру жасау

39	Электр және жылу энергиясына баға белгілеудің шығынды тетіктерінен оларды өндіру және беру тиімділігін ынталандыратын тетіктерге көшу бойынша ұсыныстар енгізу және "жол картасын" жасау, тарифтерді айқындау үшін операциялық және инвестициялық көрсеткіштердің салыстырмалы талдауларын пайдалану бойынша ұсыныстар әзірлеу, сондай-ақ тұтынушылардың жылу және электр энергиясын ұқыпты пайдалануын ынталандыру мақсатында тұтынушылар топтары бойынша әртараптандырылған тарифтерді пайдалану практикасын жалғастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ИЖТМ (жинақтау), ТМРА	2014 жылғы шілде	талап етілмейді
40	<b>Алып тасталды – ҚР Үкіметінің 03.07.2017 № 413 қаулысымен</b>				
41	Ғимараттарда энергия тиімділігін арттыруды ынталандыру үшін қолданыстағы мемлекеттік қолдау тетіктерін гранттар, пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау және т.б. сияқты шаралармен толықтыру бойынша ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ИЖТМ (жинақтау), ЭБЖМ, ӨДМ	2014 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
42	Ғимараттарда энергия тиімділігін іске асыру жөніндегі шараларды ынталандыру үшін Қазақстан Республикасының облыстары деңгейінде ТКШ жаңғырту бағдарламасы шеңберінде қаражатты қайта бөлу бойынша ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ӨДМ (жинақтау), ЭБЖМ, ИЖТМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2013 жылғы желтоқсан	талап етілмейді

Басқару құрылымы

43	Мемлекеттік энергетикалық бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның штаттық санын арттыру арқылы мониторинг және стандарттар мен тетіктердің энергия тиімділігін арттыру үшін жеткілікті мөлшерде ресурстар санын бөлу бойынша ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ИЖТМ (жинақтау), Қоршағанортаниі, ЭБЖМ	2014 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
----	---	---	--	----------------------	-----------------

Материалдар мен жабдықтардың жергілікті өндірісін ұйымдастыру

44	Жылу өткізбейтін материалдар, терезелер және оқшауланған тұрбалар өндіретін ұлттық салаларды, сондай-ақ энергия тиімді жабдықтар мен материалдар өндіретін басқа да кәсіпорындарды мемлекеттік қолдау бойынша ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ИЖТМ (жинақтау), Қоршағанортаниі, ЭБЖМ, ӨДМ	2013 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
----	--	---	---	----------------------	-----------------

Техникалық іс-шаралар					
45	<b>Алып тасталды – ҚР Үкіметінің 03.07.2017 № 413 қаулысымен</b>				
46	Энергия тиімділігі жөнінде барлық ғимараттарды міндетті таңбалау бойынша ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ИЖТМ ( жинақтау), ӨДМ	2013 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
47	Энергия тиімділігі класы бойынша энергия пайдаланушы техниканың таңбалануын жеткілікті бақылауды қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ИЖТМ ( жинақтау), Қаржымині	2013 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
48	<b>Алып тасталды – ҚР Үкіметінің 03.07.2017 № 413 қаулысымен</b>				
48-1	Қазақстан Республикасының мектептерінде жарықтандыру құралдарын диодты жарық беретін құралдарға ауыстыру	МЖӘ шарты	БҒМ ( жинақтау), ИДМ, облыстардың , Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2018 жылғы желтоқсан	МЖӘ жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелердің лимиті шеңберінде
49	Энергия үнемдеу бөлігінде (тұрғын үй және қоғамдық ғимараттардың электр жабдықтары, жылу желілері, азаматтық ғимараттардың энергияны пайдалануы және жылуды сақтауы) нормативтік-техникалық құжаттарды жетілдіру жөніндегі ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ӨДМ ( жинақтау), ИЖТМ	2014 жылғы маусым	талап етілмейді
50	<b>Алып тасталды – ҚР Үкіметінің 03.07.2017 № 413 қаулысымен</b>				

Өнеркәсіпте энергия тиімділігін жоғарылату жөніндегі іс-шаралар					
51	Экспортқа бағытталған энергияны көп қажет ететін салаларда қызметін жүзеге асыратын кәсіпорындарға электр және жылу энергиясына тарифтердің нарықтық деңгейіне ауысуға байланысты шығындарды уақытша өтеу жөніндегі ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ИЖТМ ( жинақтау), ТМРА, ЭБЖМ, ӨДМ, БҚА	2013 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
52	Энергия тиімділігі стандарттарын әзірлеу және барлық өндірістік жабдықтарды сертификациялау бойынша ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИЖТМ	2014 жылғы желтоқсан	талап етілмейді

Көлік секторында энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар					
	Жанармайға (соның ішінде СКГ – сұйытылған көмірсутегі газы және КТГ – компримирленген табиғи газ) және энергияның перспективалы түрлеріне ( соның ішінде электромобильдер мен гибриді автомобильдер, тиісті		ККМ (жинақтау), ИЖТМ, МГМ, ПМ, облыстардың, Астана және		

53	инфрақұрылымды дамыту) деген қолжетімділік тұрғысынан өңірлік ерекшелікті ескере отырып, 2014 - 2015 жылдары автокөлік паркінің оңтайлы құрылымы және үлес шығарындыларын кеміту және энергия тиімділігін арттыру үшін әр өңір бойынша автокөлік паркінің оңтайлы құрылымына көшу жөніндегі " жол картасы" бойынша ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	Алматы қалаларының әкімдері, " Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша)	2013 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
54	Тұрғындардың үнемді автомобильдерді сатып алуын арттыру мақсатында қаржылық ынталандыру жасау бойынша ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ИЖТМ (жинақтау), ККМ, ЭБЖМ, Қоршағанортaмині	2013 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
55	Автомобиль паркін жаңартуды ынталандыру және көлік секторындағы энергия тиімділігін арттыру үшін көлік құралдарын кәдеге жарату жөніндегі бағдарламаны әзірлеу	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ	2013 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
56	Халықаралық тәжірибені ескере отырып, жанармай сапасы стандарттарын өзекті ету бойынша ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	МГМ (жинақтау), И Ж Т М , Қоршағанортaмині	2014 жылғы наурыз	талап етілмейді

#### 5. Электр энергетикасын дамыту жөніндегі шаралар

Қолданыстағы электр станцияларының қоршаған ортаға әсерін азайта отырып, барынша жұмыс істеу мерзімін ұзарту жөніндегі іс-шаралар

Барлық қолданыстағы электр станцияларының қалған жұмыс істеу мерзімі мен жаңғырту кестесін айқындау үшін техникалық жай-күйіне аудит пен энергия аудитін жүргізу

57	Қазақстан Республикасының "жасыл" экономикаға көшуі жөніндегі тұжырымдамада көзделген секторды дамытудың қағидаттары мен индикаторларын ескере отырып, 2050 жылға дейінгі перспективамен 2030 жылға дейінгі электр энергиясы мен қуаттылықтың болжамдық балансын әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	И Ж Т М ( жинақтау), ЭБЖМ, " Самұрық-Қазына " ҰӘҚ АҚ ( келісім бойынша )	2013 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
58	Қазақстан Республикасының "жасыл" экономикаға көшуі жөніндегі тұжырымдамада көзделген секторды дамытудың қағидаттары мен индикаторларын ескере отырып, 2050 жылға дейінгі перспективамен 2030 жылға дейінгі жылу энергиясының болжамдық балансын әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	И Ж Т М ( жинақтау), ЭБЖМ, " Самұрық-Қазына " ҰӘҚ АҚ ( келісім бойынша )	2013 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
59	Энергетикалық блоктар бойынша барлық қолданыстағы электр станцияларының қалған жұмыс істеу мерзімін айқындау ( пайдалану сағаттары мен есептеу жылдарда) және техникалық жай-күйіне жүргізілген аудит пен энергия аудитін	электр станцияларының негізгі қондырғыларының	ЭМ	2014 жылғы желтоқсан ( нәтижелерді жыл сайын	

талдау нәтижелері бойынша жаңғырту кестесін жасау	техникалық жағдайына мониторинг		талдай отырып	талап етілмейді
---	---------------------------------	--	---------------	-----------------

Зиянды заттардың шығарындылары бойынша заманауи стандарттарға қол жеткізу мақсатында 2020 жылдан кейін пайдаланылатын қолданыстағы жұмыс істейтін электр станцияларын, ең алдымен, шаң, күкірт қостотығы мен азот тотығы шығарындыларын ұстап қалу үшін шаң-газ тазартқыш жабдықтарды орната отырып жаңғырту

60 <b>Алып тасталды – ҚР Үкіметінің 03.07.2017 № 413 қаулысымен</b>					
61	Электр станцияларының энергия аудитінің нәтижелерімен жаңғырту жоспарларын жыл сайын жаңғыртуды қамтамасыз ету	жаңғырту кестесі	ЭМ	жыл сайын	талап етілмейді
62	Отын тиімділігі мен экологиялық шығарындылар тұрғысынан жылу және электр энергиясын өндіру бойынша озық халықаралық технологиялар тізілімін жасау	ИЖТМ бұйрығы	ИЖТМ	2013 жылғы қыркүйек (бұдан әрі жыл сайын)	талап етілмейді
63 <b>Алып тасталды – ҚР Үкіметінің 03.07.2017 № 413 қаулысымен</b>					

Ірі қалаларда көмірмен жұмыс істейтін қолданыстағы электр станцияларын газға ауыстыру					
64	Астана және Алматы қалаларында қолданыста көмірмен жұмыс істейтін станциялар мен ЖЭС-ті газға ауыстыру арқылы жаңғырту жоспарларын әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИЖТМ (жинақтау), Қоршағанортaмині, МГМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2013 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
65	Халқы 300 000-нан асатын қалаларда қолданыстағы көмірмен жұмыс істейтін станциялар мен ЖЭС-ті газға ауыстыру арқылы жаңғырту жоспарларын әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИЖТМ (жинақтау), Қоршағанортaмині, МГМ	2014 жылғы шілде	талап етілмейді

Жаңартылатын энергия көздерін дамыту					
66 <b>Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 23.04.2015 № 273 қаулысымен</b>					
67	Қазақстанда күн энергетикасын жоспарлау үшін күн ресурстары атласын әзірлеу	күн атласы	ЭМ	2018 жылғы маусым	талап етілмейді
68	Нақты жобаларды, орындау мерзімдерін көрсете отырып, "2013 – 2020 жылдарға арналған Қазақстандағы баламалы және жаңартылатын энергия көздерін дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 43 қаулысында көзделген ЖЭК орналастыру жоспарын жаңарту	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қоршағанортaмині (жинақтау), ИЖТМ, ЭБЖМ	2014 жылғы наурыз	талап етілмейді

Атом энергетикасын дамыту есебінен электр энергетикасын болашақта әртараптандыру кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шаралар қолдану

Атом энергетикасындағы қауіпсіздікті бақылау және қауіпсіздік стандарттарының сақталуын қадағалау				
---	--	--	--	--

69	бойынша ИЖТМ Атом энергетикасы комитетінің жауапкершілігін арттыру үшін өкілеттіктерді қайта қарау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИЖТМ	2013 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
70	<i>Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 23.04.2015 № 273 қаулысымен</i>				

Еліміздің солтүстік, шығыс және оңтүстік облыстарында газ инфрақұрылымын дамыту					
